

**<sup>1</sup>Зүлкәпіл Д., <sup>2</sup>Нуркатова Л.Т., <sup>3</sup>Султанова А.М.**

<sup>1</sup>1-курс Phd докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail:Zulkapil1982@mail.ru

<sup>2</sup>соц.ғ.д., профессор, ҚР Президент жанындағы әлеуметтік-экономикалық зерттеулер орталығының  
басшысы, Қазақстан, Астана қ., e-mail:Lyazko@mail.ru

<sup>3</sup>аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail:sultanova8012@gmail.com

**ҚОҒАМДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ  
ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қазіргі таңдағы қоғамдағы өткір де өзекті мәселелердің бірі ол зорлық-зомбылыққа ұшырау мәселесі болып отыр. Өйткені қазіргі уақытта отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі күннен-күнге әлеуметтік сала ғылымдарының ғана емес, сонымен қоса қоғамның да назарына ілініп отыр. Әлеуметтану, денсаулық сақтау, криминалистика, құқықтану, баспасөз ұйымдарының деректеріне сүйенетін болсақ Қазақстандағы отбасылардың едәуір бөлігінде зорлық-зомбылық күнделікті, үйреншікті, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін өмір салтына айналып бара жатыр. Мақалада зорлық-зомбылық мәселесіне байланысты көптеген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері мен мақалалары, тұжырымдамалары, көзқарастары және ой-пікірлері, теориялары қарастырылды. Мақала жазу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері қаралып, соның ішінде: зорлық-зомбылық ұғымының мәні мен мазмұнын, пайда болуын зерттеуде Л.Я. Курочкина, Э. Фром, З. Фрейдтің, Р. Бэрон мен Д. Ричардсон, А. Бандураның теорияларына тоқталды. Т. Гоббс, А. Гумплович, М. Кауфман, К. Каутский, Е. Дюрингтің теориялары зорлық-зомбылықты зерттеуде тарихи фактілерге сүйенді. К.Лоренц, А.Берковиц, А. Басс, В. Крейхидің еңбектеріне сүйенсек, зорлық-зомбылық белгілі бір ұзақтығы, ұзындығы және кезеңдері бар процесс, сонымен қатар зорлық-зомбылық агрессияның ерекше түрі ретінде қарастырылған. Ленор Уокердің «үш фазалық теориясында» зорлық-зомбылық циклінің кезеңдері туралы тұжырымдамасы пайдаланылды. С. Пинкер, Р.У. Вернон, М.Е. Браун, Энн Бургесс пен Линда Холмстром және Т.А. Забелина, И.Д. Горшкова, И.И. Шурыгина, А. Берковиц, П.Д. Павленок, Л.Я. Курочкина, Е.Ф. Лейченко және тағы басқа ғалымдардың еңбектері ерекше назар аудартады. Бұл авторлар зорлық-зомбылықтың түрлерін, себептері мен салдарларын зерттей отырып, зорлық-зомбылық мәжбүрлі және заңсыз сипатқа ие басқа тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын бұзу екендігіне назар аударды.

**Түйін сөздер:** зорлық-зомбылық, агрессия, мәжбүрлеу, мінез-құлық, күш көрсету.

<sup>1</sup>Zulkapil D., <sup>2</sup>Nurkatova L.T., <sup>3</sup>Sultanova A.M.

<sup>1</sup>1 course Phd student, department of sociology and social work, Al-farabi National University,  
Kazakhstan, Aimagy, e-mail: Zulkapil1982@mail.ru

<sup>2</sup>doctor of sociological Sciences, Professor head of the Department of social and economic research,  
Kazakhstan, Astana, e-mail: Lyazko@mail.ru

<sup>3</sup>Senior lecturer of the Department of sociology and social work, Al-farabi National University,  
Kazakhstan, Aimagy, e-mail: sultanova8012@gmail.com

**Theoretical foundations of the study of violence in society**

One of the most urgent problems of modern society is the problem of domestic violence. At present, the problem of domestic violence is becoming more and more urgent not only in the social sphere, but also in society as a whole. According to sociologists, health care, criminology, law, press, organizations, in large part the family of Kazakhstan violence becomes everyday, familiar, passed down from generation to generation. The article deals with the problems of violence, articles and reviews, concepts, views and

thoughts, theories of many foreign and domestic scientists. In the course of writing the article was considered foreign and scientific works, including: – the nature and content of the concept of violence, was a stop on the theory Kurochkina L. Frome E., Freud, Baron, R. And Richardson D. the theory of T. Hobbes, L. Gumplowicz, M. Kaufman, K. Kautsky, E. Deruga was passionate about historical factors in the study of violence. Based on the works Of K. Lorenz, L. Berkowitz, A. bass, V. Kreich, violence is considered as a process with a certain duration, duration, and violence was considered as an exceptional form of aggression. Lenore Walker’s three-Phase theory uses the concept of the stages of the cycle of violence. Special attention is paid to the works by S. Pinker, R. W. Vernon, M. E. brown, Anne Burgess and Linda Holmstrom, T. Zabelina, I. D. Gorshkova, I. I., Shulgina, L. Berkowitz, D. P. Pavlenko, L. Y. Kurochkina, E. F., Legchenko scientists, etc. These authors, studying the types, causes and consequences of violence drew attention to the fact that violence is a violation of the rights of others, wearing a forced and illegal.

**Key words:** violence, aggression, use of force, cruelty, behavior, coercion.

<sup>1</sup>Зулкапил Д., <sup>2</sup>Нуркатова Л.Т., <sup>3</sup>Султанова А.М.

<sup>1</sup>докторант PhD 1 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Zulkapil1982@mail.ru

<sup>2</sup>доктор социологических наук, профессор, руководитель отдела социально-экономических исследований, Казахстан, г. Астана, e-mail: Lyazko@mail.ru

<sup>3</sup>ст. препод., Казахский национальный университет им аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sultanova8012@gmail.com

### Теоретические основы изучения насилия в обществе

Одной из самых актуальных проблем современного общества является проблема бытового насилия. Ведь в настоящее время проблема насилия в семье с каждым днем становится все более актуальной не только в социальной сфере, но и в обществе целом. По данным ученых – социологов, здравоохранения, криминалистики, правоведения, прессы, организаций, в большинстве семей Казахстана насилие становится повседневным, привычным, передаваемым из поколения в поколение. В статье рассматриваются проблемы насилия, статьи и отзывы, концепции, взгляды и мысли, теории многих зарубежных и отечественных ученых. В ходе написания статьи были рассмотрены зарубежные и научные труды, в том числе: исследованы сущность и содержание понятия насилия в работах таких ученых, как Курочкина Л.Я, Фром Э., Фрейд З., Бэрон Р., Ричардсон Д. Теории Т. Гоббса, Л. Гумпловича, М. Кауфмана, К. Каутского, Э. Дерунга были увлечены историческими факторами в исследовании насилия. Если основываться на труды К. Лоренца, Л. Берковиц, А. Басса, В. Крейхи, то насилие рассматривается как процесс с определенной продолжительностью, длительностью, а также как исключительная форма агрессии. В «Трехфазной теории» Ленора Уокера используется концепция об этапах цикла насилия. Особое внимание уделяется трудам С.Пинкера, Р.У.Вернона, М.Е.Брауна, Эни Бургесса и Линды Холмstroma, Т.А.Забелиной, И.Д.Горшковой, И.И.Шульгиной, Л.Берковица, П.Д.Павленка, Л.Я. Курочкиной, Е.Ф.Лейченко и др. ученых Эти авторы, изучая виды, причины и последствия насилия, обратили внимание на то, что насилие является нарушением прав других лиц, носящих принудительный и незаконный характер.

**Ключевые слова:** насилие, агрессия, применение сил, жестокость, поведение, принуждение.

### Кіріспе

Бүгінде барша әлем елдерінде белең алған тұрмыстық заң бұзушылық біздің елімізде де өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Зерттеулер бойынша оның басты себептерінің біріне етек алған маскүнемдік, жұмыссыздық, соған байланысты тұрмыс жағдайының ауырлығы сияқты элеуметтік жайлар жатады. Тұрмыста жапа шегетіндер негізінен әйел адамдар. Қоғамның қарыштап дамуына қарамастан әйелдерге қатысты отбасылық зорлық-зомбылық әрекеттер тыйылар емес. Оған айғақ отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы әйелдерге сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап

тиісу, кемсіту және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттерге қатысты істер санының азаймауы. Қазіргі кезде көптеген адамдар өз мәселелерін күш қолдану, зорлық-зомбылық көрсетумен шешіп келеді. Олар үшін мұндағы негізгі құндылық ол мейірімділік пен жауаптылық емес, күштілікке ие болу, кері күресу мүмкіндігі болып отыр. Барлық жанжалды жағдайлар бейбіт әңгімелермен емес, қатыгездікпен және зорлық-зомбылық көрсетумен шешіледі. Г. Эттьеннің анықтамасына сәйкес, зорлық-зомбылық – бұл өзіне, басқа адамға, адамдар тобына және қоғамға қарсы бағытталған, дене жарақатын, өлімді, психологиялық жарақаттану-

ды, дамудағы ауытқушылық немесе әртүрлі зақымдануды тудыратын қауіп түріндегі физикалық күш немесе билікті қасақана пайдалану (Эттьена, Круга, 2003:37)т

Демек, кез келген жағдайда зорлық-зомбылық басқа адамға тікелей физикалық, психологиялық мен моральдық зиян келтіретін әрекеттер немесе белгілі бір мінез-құлыққа мәжбүрлеу мақсатында туындаған зиян келтіру қауіпі деп түсініледі. Ал, зорлық-зомбылық құрбаны – зорлық-зомбылық күш көрсету сияқты дағдарыстық жағдайда тұрған тұлға (Прохорова, 2006:82). Жалпы, зорлық-зомбылық (жаулап алу) теориясы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кеңінен таралды. Оның негізін қалаушылар Т. Гоббс, Л. Гумплович, К. Каутский, Е. Дюринг және басқалар танымал тарихи фактілерге (неміс және венгр мемлекеттерінің пайда болуы) сүйенді. Бұл мәселені зерттеуде Томас Гоббс бірінші болды. Оның «әлеуметтік келісім» теориясында адамның табиғи жағдайы көрсетілді: шексіз еркіндік, тең құқықтар мен міндеттер, қабілеттер. Теория бойынша, мемлекеттің билігі қандай да бір сыртқы немесе ішкі себептерге тәуелді емес. Мемлекеттің қоғамдық мүдделерге, өз азаматтарына қарсы кез келген мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы. Алайда, оған қарсылықта зорлық-зомбылық теориясы пайда болды. Ол Батыс елдерінде кең таралған. Бұл теорияның мәні мемлекеттің, сынштардың және жеке меншіктің пайда болуы ішкі және сыртқы зорлық-зомбылықтың нәтижесі болып табылады. Е. Дюринг әлеуметтік дамудың негізі саяси қатынастардың формасы, ал экономикалық құбылыстар саяси әрекеттердің салдары болып табылады деп санайды. Мемлекеттің пайда болуының бастапқы факторы тікелей саяси билікте ізделуі керек. Адамның екі еркі бір-біріне толықтай тең және олардың бірде-біреуі де басқа ешқандай оң талаптарды ұсына алмайды. Мұндай жағдайда, қоғам екі теңдікке ие болғанда, теңсіздік пен құллықтың болуы мүмкін емес.

### Негізгі бөлім

Зорлық-зомбылық бұл отбасылар мен топтардың ішінде көптеген түрлі күштердің өзара әрекетінің нәтижесінде пайда болған, әлеуметтік институттардың нормаларында орнығатын, күнделікті өмірде жүзеге асырылатын әлеуметтік нормалармен, пікірлермен және әдеттермен тығыз байланысты өте күрделі мәселе. Зорлық-зомбылық мәселесін әлеуметтік

талдау оның әртүрлі формаларын анықтаудан басталады, бұл оны әдебиетте ғылыми түрдегі өлшемін алуға мүмкіндік береді. Зорлық-зомбылықты анықтаудың көптеген нұсқалары бар. Дүние Жүзілік Денсаулық сақтау ұйымы зорлық-зомбылыққа мынадай анықтама береді: «Физикалық күшті немесе билікті нәтижесінде (немесе олай болу ықтималдығының жоғары деңгейі) дене жарақаты, өлім, психологиялық жарақат, дамудан ауытқушылық немесе әр түрлі зардаптарға орын алатын, нақты немесе қорқыту түрінде өзіне қарсы, өзге тұлғаға қарсы тұлғалар тобына немесе қауымға қарсы бағытта қасақана қолдану» (Круга, 2003: 5). Бұндай анықтама зорлық-зомбылықтың, оның ішінде психологиялық зардап, денсаулыққа келтірілген зиян және дамудағы ауытқушылық салдарының кең ауқымын қамтиды. Бұл ғалымдар мен практиктердің зорлық-зомбылық деп тек қана дене жарақатын салу немесе өлімге алып келуді ғана емес, сонымен қоса бүкіл әлем бойынша жеке адамдардың, отбасылардың, қауымның денсаулығына елеулі түрде зиян келтіретін басқа да әрекеттерді де зорлық-зомбылық деп санау қажеттілігі жөніндегі күн санап артып келе жатқан өзектілігін көрсетеді. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың формалары, сонымен қатар олар үшін тек қана дене жарақатына, мүгедектікке немесе өлімге алып келетін түрде емес физикалық, психологиялық немесе әлеуметтік мәселелердің нәтижесі болып табылуы мүмкін. Зорлық-зомбылықтың салдары ашық түрде ғана емес зардап келтірілген соң жылдар бойы созылатын жасырын түрде болуы мүмкін. Осылайша тек дене жарақаты мен өлімді ғана есепке алу зорлық-зомбылық актісінің жекелеген тұлғаға, қауымға немесе барлық қоғамға әсер етуін түсінуді шектейді. Халықаралық құқыққа сәйкес әйелге зорлық көрсету деп «жыныстық айырмашылықтың негізінде әйелдерге физикалық, психологиялық зиян немесе қайғы-қасірет әкелетін кез келген акт, сонымен қатар қоғамдық немесе жеке өмірінде болсын мәжбүрлеу немесе бостандығынан айыру түріндегі актілерді жасау қатері» түсіндіріледі (Алимбекова, 2007:19.) С.И. Ожеговтың орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «зорлық-зомбылық» сөзінің келесідей дефиникациялары берілген: Зорлық-зомбылық – біреуге физикалық күш қолдану; біреуге мәжбүрлі күш жұмсау, жеке өміріне қол сұғушылық; қысым, заңсыздық (Ожегов, Шведов: 393). Осы дефиникацияны ескере отырып, әйелге қатысты зорлық көрсету – бұл ең алдымен физикалық тұрғыда күш жұмсау, сонымен қатар әйелдің құқықтары мен еркін-

діктеріне қысым көрсететін немесе шектейтін әрекеттер. Алайда бұл мысалы, қылығы немесе қателігі үшін сыйлықақыдан қағу және т.б. секілді өте кең таралған айқындама. Сондықтан «қысымшылық» сөзінің дефиникациясына назар аударған маңызды: әділетсіз шектеу, еркіндікті қысу (қыспақтау). Зорлық-зомбылық әлдеқашан өмір салтына айналған, ал қоғамның әлеуметтік институттары, оның ішінде билік институттары зорлық-зомбылықты басып қана қоймай тіпті әдеттен тыс болса да көбінесе оған сүйенеді. Зорлық-зомбылықты жасайтын адам бұрын шықпауға міндеттенетін қандай да бір шекті бұзады; зорлық-зомбылық бұл қылмыс. Адами қарым-қатынасты бұзу түрінде көрсетілетін зорлық-зомбылық барлығын қамтитын (жан-жақты, толық) болып табылмайды. Зорлық-зомбылық үдерісінде бір индивидтер басқаларға өзін, өзінің мақсаттары мен нормаларын атап айтады, оларды өзіне бағынышты етуге тырысады. Бұл ретте біріншісі екіншісінен жақсы, оларда қалай әрекет ету құқығы бар. «Зорлық-зомбылық – бұл тек интерсубъективті қарым-қатынастың ажырауы ғана емес, өзінің жеке заңдылығы бойынша жүзеге асырылатын секілді ажырау; ол өзін жоғары коммуникативті негізді көрсететіндей қылып ақтайды» (Дмитриев, 2002:43). Зорлық-зомбылық анықтамасына «билікті пайдалану» сөзін қосу оның шығу негізі адамға билік ету, яғни қокан-лоққы және қорқыту болып табылатын әрекеттердің қосылуынан зорлық-зомбылық актісінің мәнін қалыпты түсінуді одан әрі кеңейтеді. «Билікті пайдалану», сонымен қоса зорлық-зомбылық актілердің қатарына жатқызуға болатын бейқам болу, көмек көрсетпеу немесе менсінбеуді білдіреді. Осылайша «физикалық күш немесе билікті қолдануды» көбінесе бейқам болуды, қатыгездіктің кез келген түрін, сонымен қатар жеке өміріне немесе денсаулығына кез келген қастандық жасау деп түсіну қажет. (Воронина, 2001: 31) Америкалық әлеуметтанушылар В. Уолтерс пен А. Парктің пікіріне сәйкес зорлық-зомбылық мәдени түрде себепші болуы мүмкін. Кейбір адамдар басқаларға қасақана зиян келтіреді, бірақ өзінің мәдени нормалары мен қағидаларына сәйкес мұны зорлық-зомбылық деп санамайды. Әйеліне қол жұмсау сияқты кей қылықтарды біреулер толық ақылға қонымды мінез-құлық ретінде қарастыруы мүмкін, бірақ заң бойынша бұл адам денсаулығына елеулі түрде зиян келтіретін зорлық-зомбылық актісі болып саналады. (Walters, 1964: 235) Зорлық-зомбылықты анықтауда басқа да аспектілері бар, алайда олар тікелей айқындалмаған. Қазіргі

заманғы қазақ қоғамындағы отбасы үлгісін тіркелген немесе тіркелмеген некедегі балалары бар ерлі-зайыптыларға; «ана және бала» жұбына; некеде тұрмайтын және ортақ шаруашылық жүргізетін балалары жоқ серіктестерге; діни салт немесе жаңа адамгершілік нормалар негізіндегі полигамиялық одаққа (некеге) біріктіруге болады. Осылайша бір жағынан әлеуметтік бақылау мен формалды белгілердің сақталуы кезінде дәстүрлі (патриархалды) отбасы түрі сақталуда. Ал екінші жағынан отбасының әлеуметтік орталықтандырылған бастауынан жеке-тұлғалық жаққа қарай өтуді насихаттайтын эгалитарлы отбасы түрі кең таралуда. Формалды және формалды емес бастау арасындағы алшақтаудың ұлғаюына қарай ертеден белгілі үлгілер – полигамиялық отбасы, некеден тыс жақын туыстардың толық емес (аналық), некеден тыс формалды емес толыққанды немесе ашық некедегі отбасы түрлері қайта пайда болады. Бұдан басқа алдыңғы некеден баласы бар немесе балалары жоқ қайталама некедегі отбасылар саны артуда. ХХІ ғасырдағы отбасы екі мың жыл бұрынғы түрге еш орала алмайды. Модернизация оның тіршілік әрекетінің барлық салаларын отбасының кең әр алуан түрлерін пайда болдыра отырып қамтып өткен, олардың әрқайсысы халықтың жекелеген бөлігінің қажеттілігін қанағаттандырады. Толыққанды емес отбасылар, тіркелмеген некелер, некеден тыс туған балалар тәрбиелеп отырған отбасылар әлеуметтік нормаға айналды (Карцева, 2003: 8-12).

Зорлық-зомбылық агрессиясыз болмайды және агрессивті мінез-құлық мәселесін түсіну үшін оны және онымен байланысты түсініктерді анықтау елеулі мәнге ие болады. Агрессияшылдықты тұлғаға тән болатын мінез ретінде және агрессияны (агрессивті мінез-құлық) – субъектінің басқа адамға қандай да бір зиян келтіруге бағытталған қылықтарын немесе беталысы ретінде ажырату қажет. Агрессияшылдық барлық тірі тіршілік иелеріне және қандай да бір формадағы биологиялық шартталған мінез-құлық және түрдің тірі қалуы үшін маңызды эволюциялық мәнге ие. Бұл агрессия азық іздеу, ұрпақ жалғастыру және т.б. кезінде. Адамдарда агрессияшылдықтың бұл түрі саналылық пен моралдық-этикалық бақылауда болады. Агрессия – дұшпандық қарым-қатынас немесе әрекет. Агрессиялық мінез-құлықтың астарында ашу немесе қорқыныш секілді эмоциялар жатады (Джери, Джери, 1999: 17). Ресей зерттеушілері агрессияшылдық мәселесін Г.Э. Бреслав, Н.Д. Левитов, Л.М. Семешок, Н.М. Платопова, А.А.

Реан және басқалар өздерінің жұмыстарында қарастырады. Алайда әлеуметтік сөздіктерде агрессиялық мінез-құлық анықтамасы берілмеген, оның орнына келесідей түсініктер қолданылады: асоциалды мінез-құлық, әумесерлік мінез-құлық, деструктивті мінез-құлық, құқыққа қарсы мінез-құлық. «Агрессия» түсінігін және асоциалды мінез-құлықты анықтау үшін агрессияның негізгі теориясын қарастырамыз. Бейімділік немесе түйсік теориясы (К. Лоренц, З. Фрейд, А. Ардри, В. Макдаугали) тірі жаратылыстың күресі күнделікті агрессивті мінез-құлық ретінде қарастырылады, бұл еркек пен әйел арасындағы отбасылық қатынастарға қолданылады, жыныстар арасындағы күреске алып келеді және зорлық-зомбылыққа итермелейді. Агрессияның фрустрациялық теориясы (Дж. Доллард, Н. Миллер, Э. Фромм). Агрессивті мінез-құлық – бұл фрустрация нәтижесі немесе фрустиция агрессиялық мінез-құлықтың себеп-салдары болып табылады. Әлеуметтік үйрету теориясы (А. Бандура, Л. Беркотц) негізінде бұқаралық ақпарат құралдары болып табылатын субмәдениеттен келетін агрессивті мінез-құлық үлгісі жатады. Ықпал ету теориясы (Дж. Тедеш, Р. Браун, Р. Смит) «Агрессия» термині «мәжбүрлеу күші» терминімен алмастырылады, оның көмегімен мінез-құлықтың, оның ішінде агрессияның формаларын түсіндіру мүмкін болады. Агрессия теориясы (Л. Берковитц) тұқымқуалаушылық индивидті агрессивті мінез-құлықтың алғышарты етуге итермелейді деп болжайды, ал мүмкіндіктер үйрену шарттарында және қоғамның ықпалынан іске асырылады. Өмір қарқынының жылдам дамуынан, түрлі салалардағы бәсекелестіктерден, жұмыстағы және отбасындағы талаптардың өсуі, шаршаудың артуы, осының бәрі және басқа да факторлар агрессияның жылдамдатқышы болып шығады, ол өзін-өзі қорғау түйсігі немесе өзіне немесе басқа адамға зиян келтіру түрінде көрініс беруі мүмкін. Отбасылық зорлық-зомбылық феноменін зерделей келе ашушандық, ызалану, жек көрушілік сияқты түсініктерге тоқталып өткен жөн. 1. Ең әлсіз агрессивті мәнге ашушандық ие. Ол долдану секілді қылыққа қарсы тұра алады. 2. Сыртқы кедергілер. Егер адам жағдайдан шығуға жеткілікті еркін болмаса немесе оған ішкі немесе сыртқы кедергілер бөгет болса, онда бұл қатты шиеленіс пен текетіретің туындауына алып келеді. 3. Топтағы қарама-қайшы мақсаттар және топтың мүшелерінің серіктесінің ұстанымын қабылдауға қаншалықты дайын екендігі (Левин, 2001: 208)

М. Дойч өзінің кооперация және бәсекелестік теориясында тартысты жағдайды мүдделердің объективті қақтығысы деп қарастырады. Оның теориясы жағдайда еліктірілген адамдардың мақсаттарының арасындағы өзара тәуелділігінің типтері мен осы адамдардың әрекеттерінің типтері айналасында құрылады. Ғалым мақсаттардың өзара тәуелділігінің екі негізгі типін айқындайды: ықпал ететін өзара тәуелділік, бұл жерде бір адамның мақсатқа жету ықтималдығы немесе деңгейі оған басқа адамның жету мүмкіндігіне немесе деңгейіне позитивті ықпал ету түрде байланысқан; және қарама-қарсы өзара тәуелділік, бұл жерде бір адамның мақсатқа жету ықтималдығы немесе деңгейі оған басқа адамның жету мүмкіндігіне немесе деңгейіне негативті түрде байланысқан. Сонымен қоса индивидтердің әрекеттерін екі типке бөлген: субъектінің мақсатқа жетуін жақсартатын тиімді әрекеттер, және қарама-қарсы нәтижелері бар нашарлататын әрекеттер (Пономаренко, 2003: 66). Отбасылық зорлық-зомбылықты түсіндіруде шиеленістер теориясынан басқа әлеуметтік мәдени теориялар қолданылуы мүмкін. Әлеуметтік мәдени теориялар зорлық-зомбылықты кейбір жағдайларда бір адамның екінші адамға (немесе топқа) қатысты зорлық-зомбылығын ақтайтын немесе тіпті ынталандырып жататын мәдени нормалардың болуымен түсіндіреді. Әлеуметтік мәдени теориялар әлеуметтік факторларға (мәртебе, табыс, биліктің болуы, білім, қалыптасқан гендерлік, нормативтік және құндылықтық қағидалар) басым назар аударады.

Осы теориялар бойынша отбасындағы зорлық-зомбылықтың бастауы қоғамның құрбандықтарға, көбінесе әлсіз және осал ретінде қарастырылатын әйелдер мен балаларға деген толеранттылығынан басталады. Мысалы феминизмді қолдаушылар (Р. Джиллес, С. Стейнметц, М. Страус) отбасында балаларға физикалық зорлық-зомбылықты қоғамда балаларды тәртіпке келтіруде зорлық-зомбылықты мәдени нығайту механизмдерінің болуымен түсіндіреді (Медков :104). Феминизм өкілдері зорлық-зомбылық мәселесінің бастауы нормативтік жүйеде жатқандығын айтады. Олар мысалы патриархалды қоғам ерлер тарапынан қаталдықты мәселелерді шешудің және әйелдерді басқару қағидаларын анықтаудың қалыпты жүйесі ретінде рұқсат ететіндігін дәлелдейді. Мәдениет – бұл тұрмыс-салттың, тілдердің, мінез-құлықтың нормалары мен наным жүйесі бар барлық қоғамның «өмірлік жолы». Адамның мінез-құлқы бұл ең алдымен тәрбиенің нәтижесі (Клименкова, 2001:353).

Мәдениет қоғамда қабылданған және іске асырылатын әлеуметтік өзара қарым-қатынастың ең бір тұрақты тәртібі болып табылады. Біздің зерттеуімізде мәдениет ең алдымен индивидтердің әлеуметтік мінез-құлқын реттеуші нормативтік құралдарды қамтамасыз ететін кешеннің жүйесі ретінде жүреді. Бұл құралдардың кешені сан алуан. Оны екі категорияда қарастыруға болады: императивтік құралдар (заңдар, үстем болатын идеология, ресми және дәстүрлі рәсімдер, жоралар, әдет-ғұрыптар, әдептер) және конвенционалды құралдар (этикалық және моралды құндылықтар, адамгершілік).

Императивтік құралдар адамдардың мінез-құлқын формалды түрде мәжбүрлеу арқылы әлеуметтік реттеуді іске асырады, ал төтенше түрдегі конвенционалды порипация мен мақұлдамау негізінде формалды емес түрде. Қалай болғанда да осы құралдар бойынша (әңгіме формалды емес құралдар жайлы) басқаруға болады. Бұл жерде басты мәнге идеология, дін, бұқаралық ақпарат құралдары, сонымен қатар кино, әдебиет, өнер және т.б. ие. Мемлекеттің пайда болуын түсіндіру үшін Е. Дюринг үшінші тұлғаны бейнелейді, себебі онсыз көпшілік дауыспен шешім қабылданбайды және мұндай шешімдерсіз, яғни азшылыққа қатысты көпшілік билігі болмаса, мемлекет бола алмайды. Оның пікірінше, мүлік, сыныптар мен мемлекет қоғамның бір бөлігінің басқаға деген зорлық-зомбылығының нәтижесі ретінде пайда болады. Е. Дюрингтің ойымен австриялық әлеуметтанушы ғалым, сыртқы зорлық-зомбылық теориясының өкілі Л. Гумплович келіседі. Ол былай деп жазды: «Тарих бізге басқа жолмен пайда болатын мысалдарды емес, зорлық-зомбылық актісі арқылы мысал келтіреді. Бұдан басқа, бір тайпаның екіншісіне деген зорлық-зомбылық көрсетуі де болды, ол әлсіз халықты күшті, бөтен тайпасының жаулап алуымен және құлдықтың бар болуынан көрінді». Оның айтуынша, жабайы ордалардың, қоғамдардың, мемлекеттің әрекеттерін табиғаттың күрделі заңы басқарады. К. Каутский де мемлекеттің көзін сыртқы зорлық-зомбылықтан, соғыстардан көреді. Оның айтуынша, жеңген тайпа жеңілген тайпаны бағындырып, осы тайпаның жерін иемденеді, содан кейін оны жүйелі түрде жұмыс істеуге, салық төлеуге мәжбүр етеді (Нерсесянц, 1999: 72-75). Жалпы, бұл тұжырымдардың бәрінде зорлық-зомбылық бұл жергілікті шектеулердің кейбір түрі емес, жаһандық және табиғи құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл теорияны бағалау мемлекеттің пайда болуының нақты жағдайын сипаттайтындығын атап

өтуге болады. Зорлық-зомбылықты анықтауға байланысты қиындықтар егер оны еркін кеңістікте орналастырса және адамдар арасындағы билік қарым-қатынастарының бір түрі ретінде қарастырылса шешіледі. Жалпы, зорлық-зомбылық – кез келген мақсаттарға қол жеткізу үшін адамның немесе басқа топтың мәжбүрлеудің әртүрлі нысандарын белгілі бір адамға қатысты қасақана қолдануы (Прохорова, 200: 78). Ал, Э. Фромм алдымен, мінез-құлықтың дамуына әсер ететін әлеуметтік факторларды қарастырады. Оның айтуынша, зорлық-зомбылық – агрессияны қоздыратын және мінез-құлықта шоғырландырылған әдіс. Агрессия – бұл, өз кезегінде, жауап беру реакциясы. Осылайша, зорлық-зомбылық – бұл адамның жағдайға, басқа адамдарға қатынасы арқылы қалыптасатын әлеуметтік-психологиялық механизм (Ботова, 2010: 40-142). Осылайша, зорлық-зомбылық пен агрессия іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын зерттеу барысында бірқатар теориялық түсініктер мен бағыттар пайда болды. Осы тұста зорлық-зомбылық пен агрессияның маңызды теориялық бағыттарына тоқталып кететін болсақ, онда осы аталған зорлық-зомбылықты зерттеудің *әлеуметтік-биологиялық тәсілін* жасаған және осы теорияның негізін салған ол австралиялық психолог пен дәрігер-психиатр Зигмунд Фрейд болды.

*Әлеуметтік-биологиялық тәсіл* әлеуметтік мінез-құлықты түсіндіру үшін эволюциялық теорияның логикасын қолданады. Социобиология зорлық-зомбылықты эволюция процесінде қалыптасқан адам мінезіне тән жағдай деген көзқарасты ұсынады. Фрейдтің психоанализі жеке мінез-құлық адам табиғатының ажырамас бөлігі болып табылатын екі негізгі күшпен: өмірдің инстинкті (эрос) және өлім инстинкті (танатос) арқылы туындағанын көрсетеді. Эрос адамдарды ләззат іздеуге итермелеген кезде, танатос өзін-өзі жоюға бағытталған. Бұл аталған тұжырымдама бойынша, бұл инстинктердің табиғаты, өзін деструктивті күшін басқаға бағыттау арқылы шеше алатын ішкіпсихикалық қақтығыстардың көзі ретінде көрсетеді. Осылайша, басқа адамға қарсы зорлық-зомбылық әрекеттері қолданыстағы субъектінің ішкіпсихикалық тұрақтылығын қорғайтын деструктивті энергияны шығару механизмі ретінде қарастырылады. З. Фрейд агрессивті емес мінез-құлық арқылы (мысалы, әзіл-қалжың арқылы) деструктивті энергияны босату мүмкіндігін мойындай отырып, катарсис тұжырымдамасын енгізеді, бірақ бұл уақытша ғана әсер етеді. Оның пікірінше, зорлық-зомбылық – ол адамның

бақылауынан тыс болатын мінез-құлқының еріксіз сипаты (Фрейд, 1990: 115). Алайда, З. Фрейдтің теориясын дәлелдейтін эмпирикалық дәлелдер жеткіліксіз, олар негізінен теориялық құрылымдармен елеулі жұмыс жасалмаған жеке істерді зерттеуге сүйенеді. Дегенмен, Фрейдтің идеялары зорлық-зомбылық құбылысын түсіну-ді жақсартуда маңызды рөл атқарды.

*Әлеуметтік оқыту тұжырымдамасының* зорлық-зомбылықты адам табиғатының туа біткен қасиеті деп санайтындардан айырмашылығы, оқыту теориясы зорлық-зомбылық мінез-құлқы көбінесе, «үйрену» процесінде пайда болатындығына назар аударады, яғни, ол көптеген әлеуметтік мінез-құлқтың формалары сияқты үйрену процесі арқылы алынады. Қатаң түрде немесе жазалау арқылы, сондай-ақ мінез-құлқы үлгілерін қадағалау арқылы оқыту зорлық-зомбылық мінез-құлқын меңгеру мен жүзеге асырудың күшті механизмі болып табылатыны дәлелденді (Биекенов, Алимбекова, 2005:98) Әлеуметтік оқыту тұжырымдамасы бақылау арқылы оқыту үлгісі ретінде БАҚ-та зорлық-зомбылықтық мінездің бейнелерін көрсетудің әсерін зерттеу үшін ең маңызды теориялық тәсіл болды. Әлеуметтік оқыту теориясы зорлық-зомбылыққа бейім ер адамның дамуын ынталандыратын қоршаған ортасының рөліне баса назар аударады. Бұл теория М. Кауфманның шығармаларында дамыды. Қазіргі қоғамдағы зорлық-зомбылықтың пайда болуын зерттей отырып, ол өткен ғасырдың 70-жылдарында С. Браумиллермен ұсынылған радикалды феминистік теорияға қарсы шығады. Бұл теория зорлық-зомбылықтың негізін ерлер психологиясының ерекшеліктеріне байланысты азайтты. М. Кауфманның пайымдауынша, тұтастай алғанда адамның агрессивтілігі оның жынысына байланысты емес. Оның пікірінше, еркектердің зорлық-зомбылығы, олардың өз-өзіне деген зорлық-зомбылықтық қарым-қатынасынан басталады (ұл балаларға жылауға, олардың сезімдерін көрсетуге тыйым салушылық), содан кейін әйелдермен (жасөспірімдік агрессивтілік деп аталатын) қарым-қатынас деңгейіне ауысады, сосын тұтастай алғанда қоғамға қауіп төндіреді. «Зорлық-зомбылық, сонымен бірге, ер адамның жұмысында немесе қоғамда болған биліктің жоқтығы мен дәрменсіздік сезіміне, сондай-ақ әйелді бақылау әдісімен өз билігіне бағындыру ниеті болып табылады» (Материалы конференции, 2003: 19-21). Жалпы, зорлық-зомбылықтың теріс контекстін және адамзат қоғамдастығындағы таралуын ескере отырып, адамдардың не себепті оны жасағаны

туралы түсініктеме іздестірудің маңызы зор. Зорлық-зомбылыққа қатысты біртұтас теориялық модельдің болмауы жоғарыда қарастырып өткендей, көптеген теориялық көзқарастардың пайда болуына алып келді, олардың әрқайсысы түрлі себептерге, механизмдерге және зорлық-зомбылықтың салдарын қарастырады. Зорлық-зомбылық көбінесе билікті орнату және орынсыз өзін-өзі растау құралы болып табылады, яғни, зорлық-зомбылық көрсету кезінде адам басқаларға деген өз билігінің толықтығын сезінеді. Орынсыз өзін-өзі растау арқылы олар өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату, өздерінің қадір-қасиетін арттыру және жариялау, басқа тұлғаларға өзінің жеке басының маңыздылығын білдіруді түсінеді. Осылайша, агрессивті және зорлық-зомбылық әрекеттері адам үшін өзінің ішкі психологиялық мәселелерін, өз-өзіне деген сенімсіздігін, субъективті түрде сезілетін әлсіздіктерін жеңуге мүмкіндік беретін құрал болуы мүмкін. Әлеуметтік-психологиялық құбылыс пен әлеуметтік өзара әрекеттесу тәсілі ретінде, зорлық-зомбылық кез келген қажеттіліктерді қанағаттандырудың болмауы, қақтығыстың формасы, тұлғаралық қатынастардағы қарама-қайшылықтардың нашарлауы, құндылық бағдарларының келіспеуімен байланысты жағдайды білдіреді. Қазіргі уақытта *пәнаралық тәсілдер* зорлық-зомбылықты зерттеуде неғұрлым өнімді болып саналады. Олардың қатарына: психобиологиялық, әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-мәдени (немесе әлеуметтік-құрылымдық) тәсілдер кіреді.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, жоғарыда қарастырылған тұжырымдамалардың ешқайсысы зорлық-зомбылық көрсетудің нақты бір себепін көрсете алмайды. Өйткені, зорлық көрсету әр адамның жағдайында түрліше орын алуы мүмкін. Зорлық-зомбылықтың барлық жағдайларын және себептерін толық түсіндіре алатын бірыңғай теория жоқ. Алайда, бұл мәселені зерттеген жоғарыда қарастырылған көптеген ғалымдардың тұжырымдамалары зорлық-зомбылықтың мән-мазмұны мен себептерін түсіндіруге негіз бола алады. Жалпы, ол ғалымдардың зерттеулері бойынша, зорлық-зомбылық құбылысын зерттеудің келесідей тұжырымдамалық бағыттары анықталды:

– әлеуметтік-философиялық (Т. Гоббс, Е. Дюринг). Бұл бағытта мемлекет тарапынан тәртіпті және тұрақтылықты қамтамасыз ету

үшін зорлық-зомбылықтың (мәжбүрлеу түрінде) қажеттілігі мен еріксіздігі және атап айтқанда, жеке адамның жеке басқа қатысты зорлық-зомбылығын басуға тиіс мемлекет екендігі туралы идея дамиды;

– мәдени (Л. Гумлупович, К. Каутский): зорлық-зомбылық – бұл мәдени нормалардың, дәстүрлердің нәтижесі, патриархалдық құндылықтардың әсері және зорлық-зомбылық ауқымын азайту құндылық жүйесін, мәдениет түрін және т.б. өзгерткенде ғана мүмкін болады;

– психологиялық (Э. Фромм, С. Пинкер): зорлық-зомбылық – бұл жеке патологияның нәтижесі немесе сыртқы жағымсыз қатынастарға деген қорғаныстық реакция және бұл мәселеге әсер ету үшін психологиялық түзету және әлеуметтік оңалту немесе бейімдеу қажет болады;

– соционмиялық (П.Д. Павленок, Л.Я. Курочкина): зорлық-зомбылық себептері әлеуметтік-мәдени факторлар (мораль, адамгершілік, байланыс құралдары және т.б.) болып табылады, бұл жағдайда ең перспективалы жұмыс формасы әлеуметтік профилактика болуы керек.

Осылайша, адам табиғатының күрделілігі, халықтың әлеуметтік өзара әрекеттесу сипаттамалары және әлеуметтік құрылым ретінде олардың отбасының ерекшеліктері, олардың әртүрлілігі, сондай-ақ адамның жеке қасиеттері және өзара араласқандағы ауытқулар зорлық-зомбылықты тудыруы мүмкін екендігіне назар аудару қажет. Осы жағдайлардың барлығы бірлікте қарастырылуы керек, себебі олар адамдарға және олардың әрекеттеріне үлкен әсер етеді.

### Әдебиеттер

- Walters W., Park A. Social motivation, dependency, and susceptibility to social influence 1964. – Vol.1. – P.231-276
- Алиббекова Г.Д. Социологический анализ факторов насилия в отношении женщин. 2007. – 192 с.
- Биекенов К.У., Алиббекова Г.Т. Исследовательские подходы в изучении явления насильственного поведения в отношении женщин // Вестник КарГУ/ бас ред. Е.К. Кубеев. Қарағанды: ҚарМУ басп., № 3(39): Шілде, тамыз, қыркүйек. – 2005. – 182 б.
- Ботова М.Г. Насилие как социально-психологический феномен / М.Г. Ботова // Вестник Удмуртского университета. – 2010. – № 2. – С. 140-142.
- Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. – СПб.: Питер, 1998. – 352 с.
- Воронина О.А. Традиционные философские, социологические и психологические теории пола. – М., 2001. – 46 с.
- Джери Д., Джери Дж. Большой толковый социологический словарь. 1999. – 17 с.
- Дмитриев А.В Социальный конфликт: общее и особенное. – М., 2002. – 238 с.
- Домашнее насилие в отношении женщин: масштабы, характер, представления общества: Материалы конференции. – М.: Изд-во МГУ, 2003. – С. 27.
- Карцева Л.В, Социально-психологические функции современной семьи / Л.В Карцева // Сборники конференции НИЦ Социсфера. – 2011. №32. – С. 9-11.
- Клименкова Т.А. Насилие над женами в российских семьях. – М., 2003. – 76 с.
- Левин К. Разрешение социальных конфликтов / К.Левин; пер с англ. И.Ю. Авидон; науч. ред., вступ. Н.В. Грешиной. 2000. – 407 с.
- Медков В.М. Брачный выбор // Социология семьи / Под ред. проф. А.И. Антонова. – М.: ИНФРА. – М., 2005. – 28 с.
- Насилие и его влияние на здоровье. Доклад о ситуации в мире / Под ред. Эттьена Г., Круга Е.Г. – М.: Весь Мир, 2003. – 376 с.
- Нерсесянц В.С. Общая теория права и государства / В.С. Нерсесянц. – М.: ИНФРА – М., 1999. – 226 с.
- Ожегов С.И., Шведов Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 8000 слов и фразеологических выражений. – М.: Российская академия наук. 1998. – 944 с.
- Понамаренко Н.О. Семейное насилие и пути его преодоление в современном Российском обществе: региональный аспект. 2003. – 177 с.
- Прохорова О.Г. Семейведение: словарь-справочник: учебное пособие для студентов. – 2003. – 5 с.
- Фрейд З. Очерки по психологии сексуальности. – М., 1990. – С. 265.

### References

- Etene G, Kruga E.G (2003) Nasilie I ego vlianie na sdorove [Violence and its impact on health] Doklad o situaci v mire [A report on the situation in the world ] Ves mir, p. 376.
- Prohorova O.G (2003)Semievidenie [Family studies] slovar-spravoschnik:uschebnoe posobia dlia studentov [dictionary-reference: textbook for students ], 5 p.
- Alimbekova G.D.(2007) sociologischeskie analis factorov nasilie v otoschenie jenschin [Sociological analysis of the factors of violence against women]. 192 p.
- Ojegov S.I., Schvedov N. (1998) Tolkovi slovar russkogo iasika:8000 slov I fraseologbscheskih virajeni[Explanatory dictionary



of the Russian language: 8000 words and phraseological expressions] Rossickaia academia russkogo iasika[Russian Academy of Science]. 944p.

Dmitriev A.V.(2001) Socialni konflikt: obschee i osobennoe [Social conflict: General and special]. 238 p.

Voronina O.A. (2001)Tradicionnie filosofskie, socialogischeskie I psihologischeskie teori pola [Traditional philosophical, sociological and psychological theories of gender]. 46 p.

Walters W.,Park A. (1964). Social motivalion, dependency, and suskepti to social influence, Vol.1, pp.231-276

Karceva L.V (2011)Socialnoe-psihologischeskie funkci sovremennoi semi[Social-psychological functions of the modern family] Sborniki konverenci NIC Socisfere [Collections of conferences of SIC Sociosphere]. no 32, pp. 9-11

Djeri D., Djeri Dj,(1999) Bolschoi tolkovi sociologischeski slovar[The big explanatory sociological dictionary]. 1 p.

Levin K . Greschina N.B (2000)Rasreschenie socialnih konfliktov[Resolution of social conflicts]. 407 p.

Panamerenko N.O. (2003)Semeinoe nasilie I puti ego preodolenie v sovremennom Rossiskom obschestve; regionalni aspect[Family violence and ways to overcome it in modern Russian society; regional aspect]. 177 p.

Medikov V.M(2005) Braschni vibor [Marriage choice] Sociologi semi pod red professor Antonovna M: INFRA, 28 p.

Klimenkova T.A (2003) Nasilie nad jenami v rossickih semiah[Насилие над женами в российских семьях]. 76 p.

Nersesianc B.C. (1999). Ovschaia teoria prava I gosudarstva [General theory of law and state] INFRA, 226 p.

Botova M.G.(2010) Nasilie kak cosialno-psihologischeski fenomen[Violence as a socio-psychological phenomenon] Vestnik udmurtskogo universiteta [Bulletin of Udmurt University]. no2, pp. 140-142

Beron R, Rischardson D.(1998) Agressia [Aggression] SPB: Piter, 352 p.

Freid S.(1990) Oscherki po psihologi secsualnosti[Essays on the psychology of sexuality] 265 p.

Biekenov K.U, Alimbekova G.T. (2005)Issledovatelskie podhodi v isuschenii iavlenia nasilstvennogo povidenia v otneschenii jenschin.[ Research approaches to the study of the phenomenon of violent behavior against women] Vestni KarGU, no3(39), 182 p.

Domaschnee nasilie v otnoschenii jenschin: mashtabi, harakter, predstavlenia obschestva(2003) [ Domestic violence against women: extent, nature, perceptions of society]Materiali konferensi[Conference proceedings].MGU, 27 p.